

**«Құралай» балабақшасы**  
**ӨНДІРІСТІК - ӘКІМШІЛІК ЖИНАЛЫСТЫҢ**  
**ХАТТАМАСЫ №1**

**Күні:** 05.09.2022ж

**Қатысты:** балабақша қызметкерлері

**Күн тәртібінде қаралатын мәсслелер:**

1. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.
2. Жұмыс уақытының кестесін құру.
3. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.

**Тындалды:**

***Бірінші мәселе бойынша,*** балабақша басшысы Баймодина К.К. құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтты етті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының күнделікті іс әрекет жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарының жүйелігін айтты.

***Екінші мәселе бойынша,*** балабақша басшысы Баймодина К.К. жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Эр топтың тазалығы, мұліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлышының ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадагаладық. Топта оқу- тәрбие процесі ету үшін жарықтың тұсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ойын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ, ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

***Үшінші мәселе бойынша,*** балабақша басшысы –Баймодина К.К. топтардағы тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс - әрекет кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген іс - әрекет кестесі бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындаиды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілгенін айтты. Балаларға қажетті оқу

құралдары түгелденді. Эр топ балалардың денсаулығы, физикалық қасиеттері бақыланды. Топ балаларының іс әрекетке деген қызығушылықтары жақсы. Жас ерекшеліктеріне сойкес әрекетке бейімделген. Оку құралдарын дұрыс қолдана алады.

### Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру жұмысы жалғасын тапсын.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оку жылына дайындығы балабақшаның шаруашылық менгерушісіне жүктелсін.
3. Ұйымдастырылған іс - әрекет кестесі және күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізу тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Жаңа оку жылына балалармен алғашкы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі канагаттанарлық болып табылды.

Басшы:

Хатшы:



----- Баймодина К.К.

----- Уалиева Д.Т.